

Бракераж комиссиясының құрамымен мектеп асханасына мониторинг жасау

АКТИСІ

20.01.2023 жыл

Бракераж комиссиясының міндеттері:

1. Мектеп асханасының жұмысы, ыдыстардың сынығы, тазалығы, бүкіл асхана тазалығы;
2. Ас мәзірінің сәйкестілігі, сапасы, дәмі;
3. Менюдегі астың мөлшері;
4. Шикі өнімдер сапасын, журналын тексеру;
5. Органолептикалық журналдың толтырылуын, өнімнің жаңа қапшығын ашқан кездегі ашылу күнімен жасалынған жазбаның болуын тексеру;

Тексеру барысында анықталды:

- 1) Мектеп асханасы таза, ыдыстары таза, жуғыш заттар орнында болды.
- 2) Оқушыларға берілген тағамдар ас мәзіріне сай болды. 1-4 сыныптарға бүгінгі ас мәзірі: тауық еті қосылған борщ, қант қосылған шай, үй булочкасы, нан болды. Жал білім беру қорының фондынан аз қамтылған отбасы балаларына, жетім балаларға арналған ас мәзірі: тауық еті қосылған борщ, сиыр еті қосылған плов, қант қосылған шай, нан болды. Комиссия мүшелеріне бақылау тағамы ұсынылды. Пловты дәмді деп бағалады. **Ескерту:** борщтың еті аз болды, бірінші ауысымға дайындалған борщ дәмді болмады.
- 3) Буфеттік тағамдарды тексерді. **Ескерту:** Бүгінгі булочка қамыры көпсімеген, қамыры тығыз дайындалған.
- 4) Тамақтануды ұйымдастыру жақсы қамтамасыз етілген. Асхананың іші таза, кезекші мұғалімдер бар. Балалардың қол жууына арналған жуғыш заттар өз орнында тұр.
- 5) Менюдегі астың мөлшері норматив бойынша берілуде.
- 6) Журналдар уақытылы толтырылған.

Ұсыныс:

- 1) Тағамдардың технологиялық картаға сәйкестігі қадағалансын;
- 2) Буфеттік тағамдардың (самса, пирожки, булочка) қамыры көтерілген, дәмді болғаны назарға алынсын.

Ескерту 25.01.2023 ж. күнге дейін жойылсын.

Комиссия құрамындағы мүшелер:

Ешенова Г.Н. - бракераж комиссиясының төрағасы

Сарсембаева С.З. – қамқоршылық кеңес мүшесі

Абдрахманова Н.Р. – қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана ком.

Ажикеева А.А. - ДТЖО

Баязитова М.Е. – мед.сестра

Матаева Г.К. – әлеуметтік педагог

Арендатор Касенбекова Б.С. таныстырылды

20.01.2023ж.